



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

МЕТАФИЗИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕР ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІН ТАНЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Калтенова Асылтас Нуриденовна

assyltas@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.М. Қоңыратбаева

Адамзат қоғамының ойы мен танымы әрдайым дамып отырады. Өмір бойы адам белгілі бір көлемде ақпарат қабылдайды. Ақпарат тәжірибенің негізі болып табылады. Уақыт өтісімен адамзат белгілі бір тәжірибе жинап, оның арқасында таным өзгеріске ұшырайды. Осы танымның берілу құралы тіл қызмет жасайды. Тіл – біздің ойымыздың, танымыздың көрінісі, яғни ойымызда болып жатқан үдерістердің айнасы.

Қазақ тілі өзінің көркемдігімен ерекшеленеді. Сан жылдан бойы жиналған бай қазақ халқының сөздік қоры қазіргі кезде әр түрлі жақтардан терең әрі кең талдануда. Қазір осындай әр түрлі көзқарастар бойынша жаңа ғылым салаларының пайда болуын атауға болады. Ойлау, таным қазіргі кезде жаңа ғылымның, атап айтсақ, когнитивті тіл білімінің нысаны болып табылады.

Когнитивті тіл білімі есте сақтау, түсіну, жоспарлау және басқа да ойда жүріп жатқан үдерістерді қарастырып, оның тілдегі көрінісін талдайды. Бұның арқасында танымның жеке адамға тән, алайда сонымен қатар бұл бүкіл адамзатқа ортақ қасиетке ие сипатын атау керек.

Когнитивті тіл білімінің негізгі нысаны әрі бірлігі концепт болып табылады. Қазіргі кезге дейін бұл түсінікке нақты анықтама беру мүмкін емес. Дегенмен бұл түсініктің когнитивті тіл біліміндегі айрықша маңыздылығынан бас тарта алмаймыз.

Осы бағыттағы концепт мәні қазақ тіл білімінде Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Қ.Жаманбаева, А.Ислам, Г.Сағидолда, Э.Оразалиева, Б.Нұрдәулетова, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапақов, Б.Ақбердиева, Б.Тілеубердиев, Ш.Ниятова, Ш.Елемесова, Г.Имашева, Ф.Қожахметова т.б. зерттеушілер еңбектерінде әр қырынан зерттеліп келеді.

Көптеген анықтамаларды айта келсек, А. Б. Әмірбекова өз жұмысында концепті бес түрге бөледі. Оның алғашқысы – метафизикалық концепт. Оның анықтамасы бойынша, «метафизикалық концепт – (жан, өмір, тағдыр, жалғыздық, махаббат) дүниедегі абстракцияның жоғары дәрежедегі құндылықтарын танытатын менталды мазмұн». Метафизикалық концептілер – рухани құндылықтардың көрінісі. Бұл – сезімдер және абстракты түсініктер. Осындай құбылыстарды көзбен көріп, қолмен ұстауға мүмкін емес. Оларды тек адамның тәжірибесі арқылы түсінуге болады. Ал бұл сезімдерді адам қалай түсінетіні, сезінетіні тіл арқылы көрінеді.

Тіл – қоғамдық сана көрінісі. Дүниенің тілдік бейнесінен әр ұлттың өз болмысы, өз әлемі, мәдени танымдық ерекшелігі айқын көрінеді. Әлемнің тілдік бейнесі арқылы ұлт ерекшелігін тануға болады. Тілдік бейне – әлем, дүние, қоршаған орта жайында көзқарас. Мұндай көзқарас ұлт туралы құрал болып табылады және ұлт мәдениеті туралы ақпарат қалыптастыра алады. Әлемнің тілдік бейнесі – адамның әлем туралы жинаған ой мен танымның тіл арқылы берілетін суреті.

Метафизикалық концептілерді талдауда және әлемнің тілдік бейнесін көрсетуде поэзия жақсы мысал бола алады. Қазақ және ағылшын тілдерінің ұлт ерекшеліктерін көрсету үшін, М. Шаханов пен А. Құнанбаевтің өлеңдері немесе поэмаларынан үзінділері жақсы мысал бола алады. Олардың поэзиялары сезім мен ұлт ерекшіліктерге толы. Мысалы, М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты романын «Бақыт геометриясы» атты үзіндіде батырлық рухты «сезінуге болады»:

Енді біздер, кілең **еркек** қауымы,

Осы Отырар қамалының қасында,
 Естелік боп келер талай ғасырға,
Нағыз ерлер санатында **қарсы аламыз өлімді,**
Рухымыз еңкейген жоқ, тек тәніміз жеңілді.
Қайсар рух ойшыл қала мінезіне дөп келді.
 Though all we **men**
 Have fallen flat,
 Nonetheless, **survivors like me,**
Will stand to the end, and defend, you see,
 The high walls
 Of our majestic Otrar,
Accepting no worthless death by far.

М. Шаханов бұл өлең шумақтарында батырлық рухты жырлайды. Мұнда ер адамдардың намысы мен қайсарлығы бейнеленген. Қазақ халқының ер адамдарына тән қасиеттер – батырлық, қайсарлық пен ерлік. Егер «ерлік» сөзіне тереңірек үңілсек, оның түбірі «ер». Бұл өлеңде «ер» сөзінің қолдануы жай емес. Бұл қазақ халқының ер-жігіттерінің сипатын толықтай көрсетеді. Ал енді ағылшын нұсқасын қарастырсақ, «men»сөзі ондай қатты әсер бермейді. «Men»сөзі «ер адам» дегенді ғана білдіреді. «Men»ағылшын сөзінің астарында «ер» деген қазақ сөзінен алған экспрессивті мән жоғалды. Ер-жігіттеріміз ажалдан да қорықпаған–«қарсы аламыз өлімді» деген жолдан бұған дәлел. «Өлімнің» өзінен де үрейленбеген. Ағылшын тіліндегі аудармасында бұл мағынаны білдіретін екі тармақты табуға болады: «will stand to the end» және «accepting no worthless death by far». Ағылшын тілінде өлім «death»және «end»сөздерімен берілген. Назар аударатыны – ағылшын тілінде өлім «worthless» сын есіммен бірге қолданылады. Аайда қазақ тілінде ондай мағына мүлдем жоқ. қазақ тілінде ажал құнсыз не бағасыз емес. Оған дәлел «қарсы аламыз өлімді» жолы. «Қарсы алу» концептісі қазақ халқының салт-дәстүрінде қонақтарға және таныс адамдарға тән. Қазақтар өте құрметті әрі қадірлі адамдарды қарсы алған. Біздің батырларымызға «өлім» түсінігі, әсіресе туған жер үшін өлім ең құрметті ажал деп түсінеді. Керісінше, қазақ халқында жал бұл өмірдің соңы болса да, о дүниенің есігі болып табылады. Сол себепті оны «құнсыз», «бағасыз» деп айту орынсыз. Қанша жаралса да, «қайсар» ерлеріміздің «рухы еңкейген жоқ». Қазақ тіліндегі түпнұсқада «рух» деген сөз кездеседі, бұл тек қазақ халқына тән концепт. Батырлар жырынан бастап, қазақ әдебиетінде ерлерді сипаттаған кезде, «рух» концептінің кездеседі. Бұл ұлттық сипатқа ие. Мұндай концептіні ағылшын мәдениетінде табуға болмайды. Батырлықты, ерлікті сипаттағанда, «рух» өте маңызды концепт. Әр ердің қайсалығының ар жағында қазақ халқына ғана тән «рух» жатыр.

М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты романын «Бақыт геометриясы» атты үзіндегі бір ғана сөз нағыз махаббаттың көрінісі бола алады, оған қоса ол қазақ халқыжарына деген сүйіспеншілігін ерекше қалай білдіретінін көрсетеді

Күйеуі айтты:

«Жалақы алдым, ертең базар баралық,Саған, **жаным**, ерекше әсем көйлек іздеп табалық!»

«I received my salary, **dear!**»

The man said, with good cheer;

«Tomorrow, **my dear**, I'd suggest,

We'll buy all a beautiful dress!»

«Жаным» сөзі махаббаттың ең жоғарғы деңгейдегі қаратпа сөзін білдіреді. Қазақ халқының танымында «жан» - ішкі дүние, терең әрі кең. Оны тек ең жақын адамға ашасың. Сонымен қатар, сен үшін жанымды қиям деген мағынасын да көруге болады. «Жаным» деп екі адамның бір-біріне деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Ағылшын тілінде мұндай түсінік жоқ. Ғашықтарына деген махаббатын көрсету үшін, «dear»деген қаратпа сөзін қолданады. Ол «қымбаттым» деп аударылады. Әлемдегі ең қымбат адам деген мағынасы жатыр. Алайда қазақ тілінде берілген әсер жоғалады.

А. Құнанбаевтың поэзиясында тек қазақ халқына тән сөздер мен сөз тіркестері молынан қолданылған. Оның кез келген өлеңі бұған дәлел бола алады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңінің үзіндісіне назар аударайық:

Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз **күлкің бұзылды**, түнде ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – жыртың.
You cannot display power over your own good;
your night sleep is broken, **you've forgotten** daytime **laughter**.
Envygnaws at those who are not strong,
tomorrow is different from today.

Бұл өлеңде автор адамға тән теріс қасиеттерді сипаттайды. Атап айтсақ, ол қызғаныш сезімін бейнелейді. Ағылшын тілінде автор «envy», яғни «қызғаныш» сөзін қолданады. Қазақ тілінде «көрсеқызар» сөзі тек қызғанышты ғана суреттемейді. «Көрсеқызар» сөзіне нақтылай түсіндірсек, құмарлықтың іштарлықтың ең төмен деңгейін көрсетеді. «Қызғаныш» сөзінен «көрсеқызар» сөзін қолдану әсерілек және ойды толықтай беруге мүмкіндік береді. Қазақ тілінде қызғаныш көзбен байланысты, яғни біреудің байлығын көріп, оған қызығу. Ағылшын тілінде әсерді асыру үшін, «to gnaw» етістігі қолданылып жатыр. Ол «жеу» деп аударылады. «Қызғаныш әлсіз адамдарды жейді» деп үшінші тармақты аударуға болады. Қазақ халқының түсінігінде «жеу» етістігі «ар, ұятпен» байланысты.

Қорыта келе, ағылшын және қазақ халықтары бір эмоцияны, бір күйді, бір сезімді әр түрлі бейнемен, әр түрлі тәсілмен көрсете алады. Бұның түбі ұлттың танымында жатыр. Ал таным ғасырлар бойы қалыптасады. Оған тарих, салт-дәстүр, әдет-ғұрып: мәдениет әсер етеді.

Қолданылған әдебиет

1. Ғ. Есім. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
2. Abai. Book of Words. – Semey: Abai international club, 2005. – 184 p.
3. Shakhanov M. Novels in poems. – Almaty: Bilim, 2002. – 424 p.
4. Мұхтар Шаханов. Эверетке шығу. – Алматы: Атамұра, 2003, 272 б.
5. Лыткина О. И. Проблемы изучения коцепта в современной лингвистике. – Вестник Московского государственного гуманитарного университета им. М. А. Шолохова. – №4, 2009. – 13-23 с.
6. Маслова В. А. Когнитивная лингвистика. – Москва: ТерраСистемс, 2008. – 266 с.

УДК 81.33

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЕҢБЕК ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Кенесалы А.Н.

ayana.kenesaly@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Н. Жұмай

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар талай замандар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ойы, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. “Мақал-